

## **"Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 ақпан N 250

"Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясының (қазір "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамы) бұрынғы президенті В.А. Фроловтың айналыстағы қаражатты мақсатсыз жұмсағаны, материалдық өнімдер резервтерін тиімсіз және жөнсіз пайдаланғаны, коммерциялық тиімсіз контрактілер жасау түріндегі құзыретке сай емес және заңсыз іс-қимылы; Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің басшылығы тарапынан тиісті бақылаудың болмауы; Шығыс Қазақстан облысы әкімінің шаруашылық қызметіне заңсыз араласуы салдарынан "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамы ауыр қаржы жағдайына душар болып отыр.

Бұрынғы "Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясының басшылығы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен белгіленген тәртіпті бұза отырып, 1995 жылдың ішінде жөнелтілген өнім үшін төлемге Қазақстан Республикасының аумағында жүруі заңсыз Ресей Федерациясының заңды тұлғаларының борыштық міндеттемелерін (вексельдерін) нақты құны бойынша жалпы сомасы 61.6 миллиард ресей рублін қабылдаған.

Заңсыз төлем қаражатын төлемге қабылдау Қазақстан Республикасының аумағында тауарлардың бағасы мен сапасы жөніндегі тиісті сертификатсыз жалпы сомасы 4 миллион АҚШ долларына заңсыз айырбас операцияларының жүргізілуіне әкеп соқты.

Бұрынғы "Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясының басшылығы қаржылық тәртіпті бұза отырып, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің нұсқауы бойынша "Востокавиа" акционерлік қоғамы үшін ЯК-40 ұшағына 3 миллион АҚШ доллары сомасында төлем жасады.

"Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамы басшылығы материалдық құндылықтар беру шарттарын бұза отырып, сақтаулы тантал құймаларын әлемдік деңгейден төмен бағамен сатқан.

Бұдан басқа, кредиттік келісімді тиісті ресімдеусіз шведтің "Сканбург АБ" фирмасына беріліп берілген.

"Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамын оңалту және қайта құру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметі жедел және тиісті шаралар қабылдамауына орай зауыттың қаржылық жағдайы елеулі түрде нашарлады, ол кәсіпорынды қаржылық сауықтыру үшін қажетті қаражаттың едәуір көбеюіне әкеп соқты.

Жоғарыда аталған және өзге де заңсыздықтардың, сондай-ақ тиімсіз коммерциялық операциялар жасау нәтижесінде 1996 жылдың басындағы жағдай бойынша кредиттік берешек 1.9 миллиард теңгеге, дебиторлық берешек - 1.1 миллиард теңгеге артты. Мемлекеттік бюджетке берешегі 225 миллион теңге, Зейнетақы қорына - 100 миллион теңге, жалақы бойынша - 217 миллион теңге болды.

Тексергенде өндірістің негізгі қызметкерлері 4 айдан астам, ал қосалқы қызметкерлер - 8 айға дейін жалақы алмай отыр.

Осының бәрі еңбек ұжымының ішкі әлеуметтік шиеленісуіне апарып, сондай-ақ осы саладағы қоғамдық-саяси жағдайға да теріс әсер етеді. Қазақстан Республикасы Үкіметіне және әлеуметтік-экономикалық қайта құруларды жүзеге асыруда олар жүргізген бағыттарға, оның ішінде республика кәсіпорындарын сенімді басқаруда және жекешелендіруде инвесторларға сенімін келтіреді.

Қаржылық сауықтыру, пайда болған жағдайларды түзету жөнінде кезек күттірмейтін шаралар қабылдау мақсатында, сондай-ақ "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамының еліміз бен облыс экономикасындағы елеулі маңызын ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамындағы жағдайға Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары В.Л. Меттенің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы С.С. Қалмырзаевтың, Қазақстан Республикасы Энергетика және отын өнеркәсібі министрі В.В. Храпуновтың, Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясының президенті В.Г. Язиковтың тарапынан тиісті бақылаудың болмағаны атап көрсетілсін.

2. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамы қарызын өтеуге қабілеті жоқ борышқор деп танылсын және мүліктерді сырттан басқару арқылы соттан тыс процедуралар жүргізілсін.

Сырттай басқару орнатылған кезеңде кредит берушілердің талаптарын қанағаттандыру тоқтатыла тұрсын.

3. "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамын жедел басқару жөнінде Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясының президенті В.Г. Язиковтың төрағалық етуімен қосымшаға сәйкес құрамда комиссия құрылсын.

Комиссия төрағасы В.Г. Язиков "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамы борыштарының құрылымына талдау жүргізсін және оларды қайтарудың тетігін әзірлесін.

4. <\*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Президентінің 1996.07.15.

N 3059 жарлығымен. U963059\_

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің, Экономика министрлігінің, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің, Әділет министрлігінің, Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясының және "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамының өкілдерінен "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамының 1994 жылдан бастап жасаған контрактілерін тексеру мен сараптау мақсатында жұмыс тобын құрсын.

Тексеру нәтижесі туралы Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне мәлімдесін.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының басшысы "Баргель" және "Сканбург АБ" фирмаларымен жасалған контрактілер бойынша кепілдік мүліктердің болуына және оған меншік құқығын "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамының есебінен сол жерге барып анықтау үшін жұмыс тобын құрсын.

Жұмыс тобы жұмыстарының нәтижелері жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті ұсыныстар енгізілсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамын тексерген материалдарды тергеу органдарына берсін.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Шығыс Қазақстан облысының әкімімен бірлесе отырып, әлеуметтік сала объектілерін "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамының балансынан алып Өскемен қаласы әкімінің балансына берсін;

<\*>

"Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамына кәсіпорындардың қоймаларында сақтаулы өнімдерді кредит алу үшін кепіл ретінде пайдалануға рұқсат етсін;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің Шығыс Қазақстан аумақтық комитетінің төрағасы Б.А. Зверевті "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің тұрақты өкілі етіп тағайындасын;

"Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамын басқаруға беру жөніндегі бұрын қабылдаған шешімнің белгіленген тәртіппен күшін жойсын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің ерекше өкімі шыққанға дейін оны жекешелендіруді тоқтата тұрсын.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақтың 3-абзацы алынып тасталған - ҚРҰ-нің

9. "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамын әлеуетті инвестордың басқаруына беру және кейіннен жекешелендіру "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамы еңбек ұжымының, Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясының және Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің келісуімен жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

10. Қазақстан Республикасының Халық банкіне айналым қаражатын толықтыру және кәсіпорын берешегін төлеу, оның ішінде 1996 жылдың 1 наурызына дейін еңбек ақы төлеу жөніндегі берешекті толық көлемінде өтеу мақсатында "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамы үшін дайын өнімнің кепіліне 8 миллион АҚШ долларына тең сомда кредит ресурстарын іздестіру, сондай-ақ аталған қаражатты мақсатты пайдалану жөнінде шаралар қабылдау тапсырылсын.

11. Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясының ядролық-энергетикалық кешенінде кооперациялық байланыстарды дамыту мен тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі тиісті үкіметаралық келісімдер негізінде бір ай мерзім ішінде "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамының ядролық-отын циклі кәсіпорындарымен және тәуелсіз мемлекеттер достастығы қатысушы мемлекеттерінің өзге де ұйымдарымен интеграциясы жөнінде ұсыныстар енгізісін.

12. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы С.С. Қалмырзаевқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы  
27 ақпандағы  
N 250 қаулысына  
қосымша

"Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамын

жедел басқару жөніндегі комиссияның  
ҚҰРАМЫ

Язиков В.Г. - Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі  
"КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясының  
президенті (төраға)

Комиссия мүшелері:

Кәкімжанов З.Х. - Қазақстан Республикасының Халық банкі  
басқармасының төрағасы

Скоз Е.Я. - "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік  
қоғамының президенті

Зверев А.Б. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік  
комитетінің Шығыс Қазақстан аумақтық  
комитетінің төрағасы

Қорғамбеков Ж.К. - Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты  
Заң бөлімінің консультанты